

№ 1 «31» 08 2021 ж.
Пед. кенесте қаралды



Толыбай ЖОББМ директоры
А. Каирбаева
А. Каирбаева

Келісілді
Аудандық білім бөлімінің басшысы



Тақырыбы:
«Өнерлі екен он саусақ...»
(Шығармашылық)

Ш/О Құлыншақ ересек тобы
Орындады: Сабырова Ж.С
(«Құлыншақ» ш/о тарбиешісі)
Ә/Б отырысында қаралды: *А. Тұрлыбекова*
(Ә/Б жетекшісі)
№ 1 хаттама 26 күні 08 айы 2021–2022 жыл.
Тексерілді: *А.Г. Диханбаева*
(оқу- ісінің меңгерушісі)

Түсінік хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады. Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу:

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына);
- логикалық ойлау қабілетіне;
- саусақ моторикасының дамуына;
- қағаз бетіне бағдарлай білуді;
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз, боямасыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзіміздің шығармашылық жұмысымыздың арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуды, мүсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық жұмысымыздың өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.

Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеде қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу қажет. Өнер қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді.

«**Өнерлі екен он саусақ...**» үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

Бағдарлама аптасына 1 рет-36 сағатқа негізделіп жасалған.

Мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту.

Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Балалардың коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Рухани – адамгершілік құндылықтарды, отансүйгіштік,, шыдамдылықғын дамыту.

Балардың зияткерлігін дамыту

Міндеттері:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулерін жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру.

Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту.

Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.

Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру, түстерді ажыратау

Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды. Шығармашылық қабілеттері шыңдалады. Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.

Толыбай жалпы білім беретін мектебінің жанынан ашылған «Кұлыншақ» шағын орталығының

2021-2022 оқу жылына арналған оқу жоспары

Р/с	Білім беру салалары	Апталық	Жылдық оқу жүктемесі
1	«Денсаулық»	3	108
	Дене шынықтыру	3	108
2	«Қатынас»	2	72
	Сөйлеуді дамыту	1	36
	Көркем әдебиет	0,5	18
	Орыс тілі	0,5	18
3	«Таным»	2,5	90
	Құрастыру	0,5	18
	Жаратылыстану	1	36
	Синсорика	-	-
	Математика негіздері	1	36
4	«Шығармашылық»	3	108
	Музыка	1,5	54
	Мүсіндеу	0,25	9
	Жапсыру	0,25	9
	Сурет салу	1	36
5	«Әлеумет»		18
	Өзін-өзі тану	-	-
	Қоршаған ортамен танысу	18	18
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	20-25 мин	
7	Ұйымдастырылған оқу қызметінің көлемі	11	396
8	Вариативтік компонент	3	
9	«Қатынас» «Ертегілер елінде»	1	36
10	«Шығармашылық» «Өнерлі екен он саусак»	1	36
11	Дидактикалық ойындар	1	36
	Барлығы	14	504

«Гүлдер» ересек тобының 2021-2022 оқу жылына ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі

Апта күндері	Білім беру салалары	Ұ.О.І.Ө.
Дүйсенбі	«Денсаулық» «Қатынас» «Шығармашылық»	Дене шынықтыру-1 Көркем әдебиет- Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5
Сейсенбі	«Қатынас» «Таным» «Шығармашылық» «Әлеумет»	Орыс тілі-0,5 Құрастыру-0,5 Музыка-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
Сәрсенбі	«Денсаулық» «Шығармашылық» Вариативтік компонент «Шығармашылық»1	Дене шынықтыру-1 Сурет салу-1 «Өнерлі екен,он саусақ..»
Бейсенбі	«Шығармашылық» «Таным» «Қатынас»	Музыка-1 Математика негіздері-1 Сөйлеуді дамыту-1
Жұма	«Денсаулық» «Таным» Вариативтік компонент «Қатынас»1	Дене шынықтыру-1 Жаратылыстану-1 «Ертегілер елінде»
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі-14 сағат		
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы-20-25 минут		

Мазмұндық бөлім

Р/с	А й ы	Апта	Тақырыбы	Сабақтың мақсаты	Қолданылатын көнекіліктер	Сағат саны	Күні
Көліктер (4 сағат)							
1	Қ Ы Р К Ү Й Е К	I	Ұшақтар бүктеу	Қағаздың түрлерімен таныстыру, қағаздан бүктеу әдісін түсіндіріп, дайындау.	Ұшақтың суреті салынған плакаттар, қағаздар, түрлі түсті бояулар	1	8.09.21
2		II	Паровоз мүсіндеу	Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек кесу әдіс- тәсілдерін түсіндіру.	Сюжетті суреттер, ермексаз	1	15.09.21
3		III	Қайық бүктеу	Бүктеп жасай білуге үйрету. Қағаз бен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру	Қағаз, қайықтың суреті	1	22.09.21
4		IV	Қайықша бүктеу	Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру.	Қайықшаның суреті	1	29.09.21
Үй жануарлары (2 сағат)							
5	Қ А З А Н	I	Сиыр Сурет салу	Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйрету, жаттықтыру	Сиырдың суреті, түрлі- түсті бояулар, ақ қағаз	1	6.10.21
6		II	Қояндар бүктеу	Түрлі бүктеу әдіс-тәсілдерін үйрету.	Қоянның суреті, түрлі- түсті қағаздар	1	13.10.21
Жабайы жануарлар (4 сағат)							

7		III	Арыстан жапсыру	Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін бастырып жапсыру.	Сюжетті сурет, түрлі түсті қағаздар, желім, қайшы	1	20.10.21
8		IV	Бақа бүктеу	Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.	Тақырыптық суреттер	1	27.10.21
9		I	Балықтар. мүсіндеу	Саусақ икемділіктерін әрі қарай жаттықтыру. Түрлі пішіндерді мүсіндеу.	Сюжетті суреттер	1	3.11.21
10	Қ А Р Е Ш А	II	Тасбақаның суретін салып үйренеміз сурет салу	Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.	Тақырыптық суреттер	1	10.11.21
Құстар (4 сағат)							
11		III	Үйрек мүсіндеу	Тұзды қамырды ұқыпты пайдалану. Қол икемділіктерін арттыру.	Тақырыптық суреттер	1	17.11.21
12		IV	Қаздың балапаны қол еңбегі	Балаларды матамен жұмыс жасауға жаттықтыру.	Әңгіме желісі бойынша суреттер	1	24.11.21
13	Ж Е Л Т О Қ С А Н	I	Аққулар қол еңбегі	Қағаздың түрлерімен таныстыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	Аққудың суреті, картон қағаз, қайшы, желім, түрлі-түсті бояулар	1	8.12.21
14		II	Көлде жүзген аққу мүсіндеу	Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.	Тақырыптық суреттер	1	15.12.21
Қыс қызығы (4 сағат)							
15-16		III-IV	Қысқы киім . қол еңбегі	Матаның сапасымен, тігіншілер еңбегімен таныстырып, еңбек туралы мақал - мәтелдер жаттату	Қысқы киімдердің суреттері, әртүрлі мата, қайшы,	2	22.12.21 29.12.21

17		I	Ақкала қол еңбегі	Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. Қиып алынған бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту.	желім. «Қазақстан табиғаты» тақырыптық суреттер	1	5.01.22
18-19	Қ А Ң Т А р	II-III	Досыма сыйлық мүсіндеу, сурет салу	Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс - тәсілдерін көрсету.	Сюжетті сурет, ермексаз.	2	12.01.22 19.01.22
20		IV	Ақ аю жапсыру	Мақта арқылы ақ аюдың суретін жапсыру	Сюжетті сурет, қағаз, қайшы, мақта, клей	1	26.01.22
21		I	Қалампыр қол еңбегі	Қағазбен әртүрлі жұмыс дағдыларын жетілдіру.	Қалампыр гүлінің суреті. Түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім.	1	2.01.22
22	А қ п а н	II	Түймедақ бүктеу	Бүктеу әдіс - тәсілдерді түсіндіру.	Тақырыптық суреттер	1	9.02.22
				Отбасы			
23		III	Тату жанұя (мүсіндеу)	Балаларға отбасы туралы әңгімелер оқып беріп, тақпақтар, нақыл сөздер жаттау. Отбасы туралы мүсіндеу.	Сюжетті суреттер	1	16.02.22
24		IV	Молшылық, береке түрлі материалдар	Түрлі материалдармен жұмыс жасауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.	«Қыс» туралы суреттер	1	23.02.22
25		I	Анамызға сыйлық (қол еңбегі)	Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.	Тақырыптық суреттер	1	2.02.22

		Ертегілер					
26	Н а у р ы з	II	Алтын балық қол еңбегі	Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. дайын болған жұмыстарын әшекейлеуге үйрету.	Балық туралы үлкен суреттер. (тамақ үстінде. қыдырып жүрген)	1	9.03
27		III	Әтеш пен бақа жапсыру	Балаларға түрлі - түсті қағаздарды таныстыра отырып, үлгілерін бастырып кию. Қағазбен жұмыс жасау іскерлік дағдыларын қалыптастыру.	Желім, қайшы, қағаздар, үлгілер, траферат	1	16.03
28		IV	Қонжық (қол еңбегі)	Аюдың аюдың баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұнды. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.	Қонжықтың суреті.	1	30.03
29	С ә у і р	I	Құстар (сурет салу)	Балаларға «Құстар» туралы ертегі оқып беру. Такпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.	Құстардың суреттері.	1	6.04
Табиғат							
30		II	Жанбыр (саусақпен сурет салу)	Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.	Көрнекі суреттер	1	13.04

				Жанбырдың суретін саусак арқылы салу.			
31-32		III-IV	Шалғын шөптер (жапсыру, сурет салу)	Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұмалау әдісі арқылы жапсыру.	Сюжетті суреттер.	2	20.04.22 27.04.22
33	М А М Ы Р	I	«Алқаптағы гүлдер» жапсыру	«Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсырмалау.	Алқаптағы гүлдердің суреттері	1	4.05.22
34		II	Жайлауда (қол еңбегі)	Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әртүрлі заттардан бейнелеп жасау.	Сюжетті суреттер.	1	11.05.22
35		III	Орманда қол еңбегі	Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салғызуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.	Сюжетті суреттер	1	18.05.22
36		IV	Көрме ұйымдастыру	Ата-аналармен көрме ұйымдастыру		1	25.05.22

Ақпараттық әдістемелік бөлім:

2. Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру.
3. Көрнекілік практикалық әдістер ;
4. Дамыта оқыту технологиясы.
4. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.
5. Ұқыпты, шыдамдылықпен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.
6. Логикалық ойлау қабілетін, саусақ моторикасын шыңдау.
7. АКТ қолдану.

Бағалау формалары:

1. Тәрбиеленуші өзін-өзі бағалауы.
 2. Ағымдағы тексеру жұмыстары арқылы бағалау.
 3. Жұптық, топтық жұмыстарды бағалау.
- Мадақтау(түрлі смайликтер, мадақтама сөздер).